



Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университеті

QAZAQ

UNIVERSITETI

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен шыға
бастады

№42 (1824)
27 қараша
2021 жыл

www.kaznu.kz

facebook.com/KazakhNationalUniversity

vk.com/kazuniversity

instagram.com/KAZNU_FARABI

Абдулла ГҮЛ, Түркияның 11-ші президенті:

Нұрсұлтан Назарбаев – түгел түркінің мақтанышы



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаевтың арнайы шақыруымен Түркияның 11-ші президенті Абдулла Гүл білім ордасына келіп, оқытушы-профессорлар мен студенттер алдында көшбасшылық дәріс оқыды. Іс-шараға көрнекті ақын-жазушылар мен бас редакторлар қонақ ретінде қатысып, мәртебелі мейман соңынан БАҚ өкілдеріне сұхбат берді. Экспрезиденттің тағылымды әңгімесін бүгін біз «Qazaq univertsiteti» газеті оқырмандарының назарына ұсынып отырмыз.

Қазақстандағы үздік оқу орнының атын иеленген Әл-Фараби – түркі әлеміне ортақ тұлға.

Ислам, шығыс әлеміне белгілі ойшыл, ғұлама ғалым. Демек, Әл-Фараби атындағы университет

тек Қазақстанға ғана емес, әлемге әйгілі білім ордасы деп түсінемін. Абырой-беделі биік, жоғары деңгейде жұмыс істеп отырған алтын ұя мен салиқалы тұлғалардың алдында дәріс оқу зор мәртебе. Бұл университеттен талай тұлғалар білім алып, түлеп ұшқаны белгілі. Соның бірегейі Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев екенін естіп, тіпті қуандым.

Мен әрдайым Қазақ еліне келуге құштармын. Өйткені Қазақстан – біздің атажұртымыз. Кеңес заманында бір-бірімізден алыста болсақ та, Қазақстанмен қауышуды, табысуды әрдайым армандадық. Түркі әлеміндегі бауырларымызбен, атажұртпен табысу мұрат-мақсатымыз болатын. Қазақстан егеменді ел атанғанда Түркияның алғаш құттықтауының астары осында жатыр.

Міне, 30 жыл ішінде сіздермен қауышып, Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығын бірге мерекелеп отырмыз. Арадағы ынтымақтастықтың қалыптасуына мен де шама-шарқымша үлес қостым.

Жалғасы 2-бетте



Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры

Көреген Көшбасшы

Биыл – Қазақ елі үшін ғасырлар бойы күткен және қантөгіссіз қол жеткізген Тәуелсіздіктің 30 жылдығы. Жүрегі «елім» деп соққан әр азамат үшін бұл – елеулі оқиға, тарихымызды танудағы бетбұрысты кезең. Ғасырдың үштен бірін Тәуелсіздік кезеңінде өмір сүріп қарсы алған алтыннан қымбат уақыт және өткенімізді бағалап қорытындылайтын, сондай-ақ алдымызға үлкен жоспарлар қоятын маңызды мезет. Түрлі қиын-қыстау, зар заманды басынан өткерген тағдырлы ұлтымыз үшін етек-жеңімізді жиған осындай еркіндік кезең бұрын-соңды болған емес. Сондықтан тәу еткен Тәуелсіздігіміз біз үшін аса құнды, ерекше бағалы.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жақында өткен «Nur Otan» партиясы Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысында: «Біз Тәуелсіздіктің 30 жылдығын айтулы жетістіктермен қарсы алып отырмыз. Қуатты елге айналып, бірлігі бекем қоғам құрдық. Отыз жылда 9,5 мил-

лионнан астам сәби дүниеге келді. Бұл – көзі ашық, көкірегі ояу, санасы азат, ойы озық жаңа буын. Мемлекеттілікті сақтап, «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясын ақиқатқа айналдыру осы ұрпақтың тарихи миссиясы деп санаймын», – деген еді.

Жалғасы 3-бетте

Тәуелсіздік – Тұңғыш Президенттің ерен еңбегі

ҚҰРМЕТТІ ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ОҚЫТУШЫ-ПРОФЕССОРЛАРЫ, СТУДЕНТТЕРІ, МАГИСТРАНТ, ДОКТОРАНТАРЫ!

Сіздерді 1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күнімен шын жүректен құттықтаймын!
Биыл Тұңғыш Президент күні ең қастерлі мереке – Тәуелсіздіктің 30 жылдығымен тұспа-тұс келіп отыр.

Айтулы мемлекеттік мейрам осыдан 10 жыл бұрын, яғни 2011 жылдың 10 желтоқсанында Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ел алдындағы еңбегіне жоғары баға беру мақсатында бекітілді.

Бұл қарарға 1991 жылы 1 желтоқсанда өткен алғашқы жалпыхалықтық президент сайлауы негіз болған еді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты жолдауында: «Қазақстан

Тұңғыш Президентіміз – Елбасының дара саясатының арқасында табысты ел ретінде бүкіл әлемге танымал болды. Ең басты жетістігіміз – біртұтас ел болып, жаңа мемлекет құрдық. Іргемізді бекітіп, еңсемізді тіктедік. Халықаралық қауымдастықтың белді мүшесіне айналдық. Тұрақты қоғам қалыптастырып, орнықты даму жолына түстік», – деп, ендігі жерде мемлекетті нығайту үшін тынымсыз ізденіп, ұдайы алға ұмтылуымыз қажеттігіне басымдық берді.

Тәуелсіздік тарихы және Қа-

зақстанның қалыптасуындағы ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың ерен еңбегін айшықтау мақсатында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жыл басынан бері бірқатар шаралар ұйымдастырды.

Елбасы саябағы, Ғалымдар бағы, Ағаштар аллеясы ашылып, 1000-ға жуық көшет отырғызылды. Онлайн форматта қоғамдық дәрістер өткізіліп, еліміздің саяси қайраткерлері, ғалымдар, елшілер дәріс оқыды, ғылыми-тәжірибелік іс-шаралар жүзеге асты.

Тәуелсіздіктің қалыптасуындағы білім мен ғылымның рөлі туралы кітаптар мен оқулықтар сериясы жақын күндері жұртшылыққа таныстырылады. Ал бүгінгі күннен «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» онкүндігі өз жұмысын бастайды.

Онкүндіктің алғашқы шарасы Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың туған жерінен бастау алып отыр. ҚазҰУ студенттері мен оқытушыларынан құралған «Елбасы жолымен» арнайы экспедициясы Шамалған ауылындағы Тұңғыш Президенттің «Атамекен» тарихи-мәдени орталығында болып, Ұлт Көшбасшысының балалық шағы мен қызметтік жолымен танысып қайтты.

Онкүндік аясында Елбасының «Ұлы дала ұлағаттары», Президент Қ.К.Тоқаевтың «Он делает историю» кітаптарын талқылау, «Тәуелсіздік – 30» флешмобы, «Тәуелсіздік толғауы» поэзия сағаты, «Балалық шағымның аспаны» кино кеші, «Қазақстан Тәуелсіздігі және түркі әлемі» халықаралық ғылыми-тәжіри-

белік конференциясы және басқа шаралар жоспарланған.

Құрметті әріптестер, білім алушылар!

Тұңғыш Президентіміз – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Ел болашағының баянды болмағы баста бұлықсыған білім мен қолда ойнаған еңбекке байланысты» деген қанатты сөзі әрдайым жадымызда тұруы тиіс.

Мерекемен құттықтай отырып, ел болашағы үшін атқарып жүрген абыройлы еңбектеріңіз табысқа бөлесін дегім келеді.

Ынтымақ пен бірлікті, татулық пен достықты ту еткен Ұлы дала елінің болашағы жарқын болсын!

Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға бақ-береке, жақын-дарыңызға амандық тілеймін!

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,
Әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ-дың Басқарма
Төрағасы – Ректоры



Елбасы негізін қалаған –

Ата заң

4



Гульжан КАРАГУСОВА:

Лидер нации
сумел вывести
страну из кризиса

5



ҚазҰУ-да
Жамбыл
апталығы
өтті

7

Соңы. Басы 1-бетте

Қазақстанның әр жылдары қалай дамып отырғанының күәсі болып келемін. Әсіресе соңғы жиырма жылдағы даму жетістіктерімен етене таныспын. Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевпен жақын араласып, жағдайдың бәрін біліп отырдым. Бүгінгі басқосу – сөзімнің дәлелі, Қазақ еліне деген жоғары құрметімнің көрінісі.

«Көшбасшы» деген қандай сипатта болу керек? Осы сұраққа ойланып көрдіңіздер ме? Мен сіздерге айтайын, көшбасшы деген – көреген, жанкешті болуы керек. Міне, сіздердің Көшбасшыларыңыз – Елбасы Н.Назарбаев сондай жанкешті, көреген, кемеңгер тұлға.

Бүгінгі таңда бауырлас елдердің барыс-келісі мен даму үдерісін мен үш фактормен қарастырғым келеді. Бастапқысы – саяси ынтымақтастық. Қазақстан мемлекетінде саяси ынтымақтастықтың барлық нышаны бар. Менің түсінігімде, ішкі тұрақтылық, құқықтың үстемдігі, әділеттің орнауы сияқты негізгі факторлар мемлекеттің жылдам дамуына зор ықпалын тигізеді. Саяси ынтымақтастықтың дамуы ретінде біз Нұр-Сұлтан деп аталатын алып қаланың қалыптасқанын көріп отырмыз.

Бүкіл түркі әлеміне әйгілі рухани орда – Түркістан қаласының қалай түлеп, бой түзеп жатқаны да жіті назарымызда. Осындай негізгі стратегиялық қадамдар арқылы Қазақстан 30 жылдың ішінде биік дәрежеге жетті. Әрине, саяси ынтымақтастықпен бірге елдің мәртебесін өсіретін екінші фактор – алыс-жақын көршілермен қарым-қатынасы, тату-тәтті өмір сүруі. Яғни бұл жерде әңгіме мемлекеттің сыртқы саясаты жөнінде болып отыр. Нұрсұлтан Назарбаевтың көшбасшылығымен Қазақстан аз уақыттың ішінде көрші елдермен стратегиялық деңгейде тамаша қарым-қатынастар орнатты. Шын мәнінде Қытай Халық Республикасымен, Ресей Федерациясымен тепе-тең өмір сүру, арадағы қарым-қатынасты бірдей ұстап, шебер саясат жүргізу – нағыз көрегенділік. Көрші елдермен шекараны бекіте отырып, олармен тең дәрежеде сөйлесе білу – бұл тек терең даналықтың белгісі. Бүгінгі күні Қазақстан халықаралық қауымдастық алдында беделі биік мемлекеттер қатарына қосылды. Түркі әлемінің тұғырлы тұлғасы Нұрсұлтан Назарбаевтың арқасында Түркі кеңесі ұйымы құрылды. Халықаралық қауымдастық шын мәнінде бірегей көшбасшының көрегендігі мен стратегиялық көзқарасын жоғары бағалайды.

Нұрсұлтан Назарбаев ядролық қарудан бас тарту тұрғысында да өте үлкен жұмыстар атқарды. Бұл жай ғана қарастыра салатын жеңіл, қарапайым мәселе емес. Бұл тұрғыда ұзақ мерзімді жұмыс атқарды. Мәселен, Иранда да көптеген энергетикалық ресурстар бар, алайда қазір бұл елдің саяси жағдайы өте күрделі. Сондықтан Нұрсұлтан Назарбаев бар болмыс-бітімі мен зор күш-қуатын ынтымақтастық пен бейбіт өмірге жұмсады. Халықаралық қарым-қатынастар мен Қазақстанның абырой-беделін жоғары деңгейге көтерді, сөйтіп, қазақ халқының амандығы, есендігі үшін ішкі тұрақтылық пен келісімге зор еңбек сіңірді. Әлемде ірілі-ұсақты саяси ойындар жүріп отырады. Саяси алаңда түрлі айтыс-тарғыстар



Абдулла ГҮЛ, Түркияның 11-ші президенті:

Нұрсұлтан Назарбаев – түгел түркінің мақтанышы

орын алып, ұсақ-түйек, тіпті күрделі мәселелер де туындап жатады. Дегенмен олардың барлығын дипломатиялық жолмен, халыққақтығыстардан залал көріп, зардап шекпейтіндей шешу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Әрине, кикілжіңге жол бермеу үшін саяси тұлғалар ең әуелі халықаралық құқыққа, халықаралық ережеге, қабылданған ортақ келісімдерге назар аударуы тиіс. Бейбітшіліксүйгіш халық берекесінен айырылып, қан кешіп, шығынға ұшырамау үшін сындарлы шешім қабылдағаны жөн. Бұл қалай жүзеге асады? Қандай жағдайға байланысты болмақ? Енді үшінші фактор ретінде осы мәселеге тоқталайын.

Бұл, жоғарыда мен тоқталып өткендей, саяси тұлғалардың өздері басқарып отырған мемлекеттерінде бейбіт өмірді қамтамасыз етуіне, қалыптастыруына байланысты болмақ. Мәселен,

олар ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз етсе, бұл сыртқы саясатқа ықпал ететінін білеміз. Әрине, соңғы кездері біз саяси тұлғалардың әртүрлі мінез көрсетіп отырғанына куә болып отырмыз. Мұндай келенсіздік орын алған қақтығыстардың бейбіт түрде шешілуіне оң ықпал тигізбейтінін және білеміз. Алайда қырғи-қабақ соғыстан кейін бүкіл әлем мемлекеттері либералдық және демократиялық жолды таңдады. Мысалы, Қытайдың ішкі саясатының қаншалықты күрделі екені әмбеге аян, алайда олардың өзі дүниежүзілік сауда-экономикалық ынтымақтастыққа ықылас танытты. Халықаралық қауымдастық мүшелеріне жылы ниет білдірді және бүкіл жүйесін соған қарай ыңғайластырды. Сондықтан дамудың, алға ұмтылудың, қарым-қатынас орнатудың осындай мүмкіндіктері тұрғанда кейбір саяси тұл-

ғалардың, мемлекеттердің бұрынғы кезеңге қайта оралып, қару ұстанып шығуы ақылға қонымсыз. Осы тұрғыдан алып қарағанда, Қазақстанның жөні бөлек.

Қазақ елі – өзінің жарқын болашағына нық қадам басып келе жатқан тәуелсіз мемлекет. Халықаралық деңгейде абырой-беделі бар, ішкі саясатын ұтымды дамытып отырғаны көпшілікке белгілі, осының барлығын даналықпен, көшбасшылықпен жүргізіп отырған Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевқа, оның бастап берген ісін сәтті жалғастырып отырған Қ.К.Тоқаевқа шын мәнінде алғыс айтқым келеді.

Елбасының күні кеше келелі трансформация жасап, өзінің құзыреттігін қазіргі Президентке тапсыруы дүйім жұртқа, тіпті әлемге үлгі боларлықтай оқиға.

Көпшіліктің кеудесіне сенім ұялатып, тіпті үміт беретіндей үлкен қадам жасады. Осы орайда, мен Қазақстанның болашағы жарқын екеніне, болашақта Азияның ең жарық жұлдызына айналарына сенемін.

Өздеріңіз білесіздер, мемлекет басшысы ұзақ мерзімді жобалармен айналысады, стратегиялық жоспарларды жүзеге асыруға тырысады. Қазақстан қазір тура осы бағытта дамып келеді. Тек көрші мемлекеттерге ғана емес, әлемге үлгі мемлекет деңгейінде құлашын кеңге жайды. Түркі әлемі бауырлас елдердің шежіре, шынар ағашы десек, біз сол бәйтеректің бір бұтағындаймыз. Бәріміз сол бәйтеректің тамыры тереңге жайылып, еңсесі биік болуына қызмет етеміз.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті елді үлкен жетістіктерге, биік мәртебеге жеткізді. Нұрсұлтан Әбішұлының болмыс-бітімі ерекше, саяси көзқарастарының барлығы жеңіске жеткіз-

ді. Ол барлық сыйлыққа, марапатқа, қошметке лайық тұлға. Кезінде Түркі кеңесін құрған кезде мен ол кісіге: «Сіз түркі әлемінің ақсақалы, абызсыз», – дегенмін. Н.Назарбаев түркі әлемін сөзсіз біріктірді. Түгел түркінің мақтанышына айналды. Өздеріңіз көріп отырсыздар, Түркі кеңесі осы күні жан-жақты дамып қалыптасты. Таяуда Ыстамбұлда өткен саммит біздің бір-бірімізге дос, бауыр екенімізді тағы бір мәрте көрсетті. Екі ел арасындағы байланыс енді жүйелі түрде ғылым мен білімге негізделгені жөн.

ҚазҰУ-ға кіріп келгенде Әл-Фараби орталығында үлкен ағаштың діңі тұрғанын көрдік, біз сол бәйтеректің бір-бір бұтағымыз. Біздің бауырлас, рухтас байланысымыз әрі қарай жастар арасында да жалғасын тапқаны абзал.

Осындай ізгі ниетпен мені Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне шақырған аса қадірменді Жансейіт Қансейітұлы Түймебаев мырзаға сіздермен, университеттің оқытушы құрамымен, студенттермен, елдің зиялы қауымымен жүздесуге мүмкіндік бергені үшін ерекше ризашылығымды білдіремін.

Азғана уақыттың ішінде осындай игі шараны іскер басшы ғана ұйымдастырады. Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевпен достығымыз бен ресми кездесулерімізді жан-жақты қамтыған фотожурнал және мазмұнды бейнероликті тамашалау мені зор бақытқа бөледі. Тіпті екі ел арасындағы мәдени-рухани байланыстар нәтижесінде жарық көрген кітаптар сөресін әзірлеп үлгергені де мен үшін күтпеген тосын сый болды. Маған көрсеткен сыйқұрмет пен қонақжайлылық үшін университет ұжымына ризашылығымды жеткізім келеді.

Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ,
ақын, қоғам қайраткері:

ЕҢ ҚЫЗЫҚТЫ ДӘРІС БОЛДЫ

– Мен бұрынғы және қазіргі президенттердің әңгімесін көп тыңдаған адаммын. Солардың ішіндегі ең қызықты дәріс осы болды. Абдулла Гүл – Қазақстанның нағыз адал досы. Онысы әңгімесінен көрініп тұрды. Шынайы, шын жүрегімен сөйледі. Бұл кісі Түркияның президенті болып тұрған кезде түркі әлеміне, оның ішінде Қазақстанға көп көмектесті. Бұл түркітілдес елдердің мәдениетін дамытуға, жетілдіруге оң ықпалын тигізді. Абдулла Гүлдің қарашаңырақ – Қазақ ұлттық университетінде жастармен кездескеніне өте қуаныштымын. Өйткені жастар – түркі әлемінің, Қазақстанның болашағы. Мен түркі халықтарының дүниетанымын, руханиятын ертеден зерттеп келе жатқан адаммын. Түркі жазбасына арналған шыағын ғана кітапшамды шығармақшымын. Ол осы университеттің баспасынан жарық көрмекші. Біз түркі әлемінің руханиятына осылай өз үлесімізді қосудамыз.

Смағұл ЕЛУБАЙ,
жазушы, қоғам қайраткері:

ТҮРКІ ЕЛДЕРІНІҢ ТАРҚАМАЙТЫН ТОЙЫ БАСТАЛДЫ

– Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында қарашаңырақ – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде үлкен шара өтті. Оқу ордасына Түркия елі эксп-резидентінің арнайы келіп дәріс оқығанын, оқытушылармен, әсіресе студент-жастармен жүздескенін жақсылыққа балап тұрмын. Өйткені еліміздің келешегі, тағдыры осы жастардың қолында. Жастар білімді болуға тиіс. Ғылымды, технологияны игеруге қазір мүмкіндік көп. Түркия елімен осы бағытта жұмысты тереңдеткен абзал. Олар технологияға біршама жақын ғой. Ал бүгінгі кездесу, ағынан жарыла әңгіме айту тек қазақтың емес, жалпы, түркі елдерінің тарқамайтын тойы басталғанын байқатады. Осыдан бірнеше күн бұрын түркі мемлекеттері ұйымының саммиті өтті. Бұл оқиға біздің еңсемізді көтерді. Кеудемізге сенім ұялатты. Демек, Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығын біз жалпы түркі деңгейіндегі ұлы тоймен бастадық. Лайым түркілердің тойы тарқамасын, ұзағынан болсын!

Соңы. Басы 1-бетте

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры

Көреген Көшбасшы



тардың құлдырап, ыдырауы, зауыт-фабрикалардың жабылуы, қалыптасқан жүйенің бұзылуы қоғамға өте ауыр тиді. Дегенмен Елбасы қысқа кезең ішінде шұғыл байлам жасап, өндіріс орындарын ашып, ауыл шаруашылығын ретке келтірді.

Әрине, бүгінгі әлеуметтік-экономикалық, саяси жетістікке біздің қоғам бірден жете алмаған жоқ. Тоқырау да, дағдарыс та, кеткен қателік те болды. Бірақ біз одан дер кезінде сабақ ала білдік. Бұл туралы Елбасымыз өзінің «Сындарлы он жыл» кітабында: «Біз өз жолымызда тоқыраулардың болмауы үшін кепілдік бере алмаймыз. Алайда біздің қоғамның негізінде жатқан көпжылдық тәжірибе мен дәстүрдің кез келген тоқыраудан абырой арқалатып және пайдаға кенелтіп алып шығатынына кепілдік бере аламыз. Бұл біздің қолымыздан келеді. Біздің халықтың бойында буырқанған интеллектуалды және рухани күш-қуат бар», – деп жазады.

Бүгінгі жастар Тәуелсіздік тұғырын берік орнықтыру жолында күш-жігерін аямаған Ұлт көшбасшысының қандай құрметке де лайық тұлға екенін білуі тиіс.

Біз мемлекеттің қалыптасу кезеңін ару қала Алматыда, білім мен ғылымның қарашанырағы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде қарсы алдық. Тәуелсіздік алған жылдары елімізде салалық маман-кадрлар өте тапшы болды. Біздің университет оқытушыларын Президент әкімшілігіне, Парламентке, Үкіметке, түрлі министрліктерге шақырып жатты. Қазір солардың басым бөлігі егемендіктің қалыптасып, дамуына тер төккен, еңбек сіңірген көрнекті мемлекет, қоғам қайраткерлеріне айналды.

Мен Тәуелсіздіктің ақ таңында мемлекеттік қызметті Сыртқы

істер министрлігінен бастадым. Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде сырттан қонақтарды қабылдауына, ең алғашқы ресми сапарларды ұйымдастыруға атсалыстық. Мысалы, сол уақыттағы Түркия Президенті Тұрғыт Өзалдың елімізге алғашқы сапары мемлекетіміздегі айрықша маңызды оқиға ретінде тарихта қалды. Сапар барысында «Анкара» халықаралық қонақүйінің іргетасы қалануы, Елбасының Тұрғыт Өзалмен бірге Түркістанға барып, Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне зиярат етуі, Халықаралық қазақ-түрік университетінің ашылуы – Тәуелсіздіктің алғашқы жемісі еді.

Түрік Республикасының Президенті Режеп Тайып Ердоған осы оқиғаларды еске ала отырып: «Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев – өз заманының аса көрнекті тұлғасы және түркі жұртының ақсақалы. Біз Нұрсұлтан Назарбаевтың халықаралық бастамаларына әрқашан да ашықпыз әрі зор құрметпен қабылдаймыз. Қазақстан Президентінің түркі әлеміндегі беделі биік, Нұрсұлтан Назарбаевтың барша түркі халықтарының басын біріктіріп, бауырлас түрік елімен қарым-қатынасты нығайтуға сіңірген ерен еңбегін атап өтпеуге болмайды», – деген баға берген-ді.

Ал Тәуелсіздік алғанымызға бес жыл толмай тұрып, астананы көшіру туралы Елбасының тарихи шешім қабылдауы осы күні ойласақ, шынында да, үлкен ерлік екен. Әу баста оның жүзеге асырына көп адам сенген жоқ. Уақыт өте келе Қазақстан – үлкен саяси-экономикалық орталыққа, Нұрсұлтан қаласы – Еуразия жүрегіне айналды. Түрлі халықаралық жиындар, басқосулар өткізіле бастады. Атап айтқанда, Шанхай ынтымақтастық ұйымының, Азиядағы өзара іс-қимыл және

сенім шаралары жөніндегі кеңестің, ТМД елдері басшыларының, Еуразиялық қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының саммиті ұйымдастырылды. Осындай беделді халықаралық шаралардың басы-қасында жүру, оны абыроймен өткізу үлкен жауапкершілікті талап етеді.

Жақында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да қонақта болып, көшбасшылық дәріс оқыған Түркияның 11-ші президенті Абдулла Гүл: «Біз Нұр-Сұлтан деп аталатын алып қаланың қалай қалыптасқанын көзімізбен көрдік. Бүкіл түркі әлеміне әйгілі рухани орда – Түркістан қаласының қалай түлеп, бой түзеп жатқаны да жіті назарымызда. Қазақстанның әр жылдардағы, әсіресе соңғы жиырма жылдағы даму жетістіктерімен етене таныспын. Тұңғыш Президент Н.Назарбаевпен жақын араласып, жағдайдың бәрін біліп отырдым.

«Көшбасшы» деген қандай сипатта болу керек? Осы сұраққа ойланып көрдіңіздер ме? Мен сіздерге айтайын, көшбасшы деген – көреген, жанкешті болуы керек. Міне, сіздердің Көшбасшыларыңыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – әлем елдерімен саяси ынтымақтастық орнатқан жанкешті, көреген, кеменгер тұлға», – деп, Қазақ елінің даму факторларын жан-жақты сараптап берді.

Осы орайда, Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпиннің біздің Елбасымыздың атына айтқан мына бір жылы лебізі де егемендіктің айбынын асқақтата түседі: «Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың арқасында біздің елдеріміздің арасында әріптестіктің мықты іргетасы қаланған. Президент Назарбаев елдеріміздің достығын нығайту үшін қаншама жыл аянбай еңбек етті. Қазақстан мен

Қытай арасындағы қарым-қатынасты дамытуға зор үлес қосқан Нұрсұлтан Назарбаевты Қытай елі жақсы біледі және аса құрметтейді».

Егемендіктің алғашқы жылдарында Елбасының сенімімен жанында қызмет атқарып, отыз жыл ішіндегі ел дамуына азды-көпті үлес қосуым – жеке басым үшін үлкен бақ деп санаймын. Шетелдік ресми сапарлары мен келіссөздері барысында көп мәселені топ бастаған көсемдігімен, тауып айтар шешендігімен шешетін. Кей кездесулер алдында кірпік ілмейтін. Қазақстан мен Еуропа елдеріндегі уақыт айырмашылығы – алты сағат, соған қарамастан, ұшақтан түсе салысымен ресми қабылдауға бірден баратын. Әскери салтанатты шеруге қатысып, президентпен жеке жүздесіп, екіжақты келісімге қол қойып, түрлі министрлердің баяндауын тыңдап, одан кейін баспасөз мәслихатында БАҚ өкілдерінің сұрақтарына жауап беретін. Одан қалса, екіжақты ынтымақтастықты дамытуға арналған бизнес-конференциялар, ең қажетті деп саналатын өндіріс орындарын аралау міндеті күтіп тұрады. Университеттерде сөз сөйлейді. Оқу орындарындағы жиын 30 минуттан бір жарым сағатқа созылады. Сонда Елбасы бір күнде он екі-он үш шараға қатысып, еліміздің саясатын түсіндіреді, мән-жайын баяндайды. Сөйтіп, таңғы сағат жеті-сегізден басталған жұмыс түнгі бірге қарай аяқталады. Еуропадағы уақыт айырмашылығына сай, 29-30 сағат жұмыс істеуге тура келеді. Сапарға бірге шыққан азаматтардың шаршап, жығылып түсетінін көргенбіз. Шындығында, мұндай өте ауыр жүкті белі қайыспай қара нар ғана көтереді. Елбасының осы еңбегін өскелең ұрпақ, бүгінгі жастар білуі тиіс!

Елбасы негізін қалаған - Ата заң

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы – саяси тұрақтылық пен экономикалық өркендеудің негізі ретінде Н.Назарбаевтың құқықтық моделі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Жиынның мақсаты – Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің қалыптасуы мен дамуы мәселелерін талқылау. Айтулы шара Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай ұйымдастырылды.



Конференцияға Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев, ҚР Конституциялық Кеңесінің төрағасы Қайрат Мәми, Н.Назарбаев қоры атқарушы директорының орынбасары Игорь Рогов, конференцияға арнайы қатысқан Түркия

Республикасының Конституциялық сотының төрағасы Арслан Зухту, сот және атқарушы билік органдары мен азаматтық қоғам институттарының өкілдері, сарапшылар және жоғары оқу орнының оқытушы-ғалымдары мен студенттері қатысты.

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры:

– Биыл – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл. Бұл еліміз үшін ерекше кезең, тарихи оқиға. Қазақстан қысқа уақыт ішінде үлкен жолдан өтті. Дербес саяси, құқықтық жүйе орнап, дамыған экономика құрылды. Ел болашағын айқындаған игіліктің барлығы Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың көреген саясатының арқасында тиімді жүзеге асты. Бүгінде Елбасы негізін қалаған, тәуелсіздігіміздің тірегі саналатын Ата заңымыз мемлекет пен қоғамда орын алған барлық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық дамудың бастауына, қозғаушы күшіне айналды.



Қайрат МӘМИ,

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің төрағасы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Түлектер қауымдастығының президенті:

– Баршаңызға ҚР Конституциялық Кеңесінің атынан ыстық ықыласымды білдіру мен үшін зор құрмет. Бабаларымыз аңсаған егемендікке қол жеткізгенімізге де 30 жыл толып отыр. Осыған байланысты жыл басынан басталған іс-шаралар өз мәресіне жетіп те қалды. Бүгінгі форумның республика тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына арналған шаралардың ішінде алатын орны ерекше. Өткен уақытқа көз жіберсек, тәуелсіз Қазақстанның жаңаша тарихында 1991 жыл алтын таңбалармен жазылып мезгіл болды. Сол жылдың қазан айында еліміздің тәуелсіздігі арнайы конституциялық заң қабылдану арқылы бекітіліп, ғасырлар бойы арман болған бабалар тілеуі жүзеге асырылды. Осындай сындарлы сәтте тарихтың таңдауы, халықтың қалауы республикамыздың Тұңғыш Президенті – Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың үлесіне түсті.

дай шешім қабылдады. Бір жылдың ішінде олардың қатары 108-ге жетіп, 70 ел Қазақстанда дипломатиялық өкілдіктерін ашып үлгерді. Еліміздің бүгінгі қомақты табысы, бағындырған биігі, жеткен жетістігі дербес ел ретінде іргесін бекітіп, керегесін кеңейтіп қана қоймай, алты құрлыққа танылуы, бұның бәрінде де Елбасының ұшан-теңіз еңбегі, ерлігі мен өрлігі, қалтқысыз қызметі мен қажыр-қайраты жатыр.

1995 жылы 30 тамызда қабылданған демократиялық қағидаттарға негізделген Конституция ұлттық базалық құндылықтарды ары қарай тереңдетіп, мемлекеттің мызғымас алтын дінгегіне айналды. Ата заң – қоғам мен мемлекет дамуының стратегиялық бағыттарын айқындап, адам мен азаматтың негізгі құраушы құқықтарын, сондай-ақ мемлекеттік институттардың жаңа жүйесін бекітті. Нарықтық экономика, меншік түрлері, шекара, тіл мәселелері өз шешімін тапты. Адамның құқықтық бостандығын толық қорғайтын мемлекеттік құрылым институттары жасақталды. Оның алдыңғы қатарында Ата заңның сақшысы – Конституциялық Кеңес те бар. Конституциялық Кеңестің қызметі еліміздегі мемлекет-



тік құқықтық принциптерін қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл мақсатта жүйелі түрде жұмыс жасалынып келеді. Бүгін біздің конференциямызға Түркия Республикасының Конституциялық сотының төрағасы Арслан Зухту мырза келді. Арслан мырза әріптестерімен бірге Қазақстан үшін тарихи сәтте өз лебіздерін жеткізу үшін арнайы университетімізге ат басын бұрды. Бұл үшін біз мәртебелі меймандарға дән ризамыз. Мемлекетіміздің ұлық мерекесі – егемендігіміздің 30 жылдығы құтты болсын!

Арслан ЗУХТУ,

Түркия Республикасы Конституциялық сотының төрағасы:

– Аса құрметті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұжымы, жүректен шыққан ілтипатымды қабыл алғайсыздар! Тұғыры берік Қазақстанның тәуелсіздігіне 30 жыл толуымен шын жүректен құттықтаймын! Сіздерді егемен ел болуларыңызбен құттықтай отырып, Қазақстанда егемендіктің ақ таңы лайым жарық болуын тілеймін. Қазақстанда бірлік, достық һәм тыныштық болсын. Қазақстан мен Түркия арасындағы қарым-қатынас бұдан әрі дами түсетініне сенімдімін. 2021 жылдың 12 қарашасында Түркі кеңесі мемлекет басшыларының 8-ші саммиті өтті. Түркі халықтарының ынтымақ-бірлігін нығайту мақсатында өткен шара бізді бірлік пен достыққа шақырып, үлкен нәтижеге жеткізеді деген ниеттемін. Түркі халықтарының және мемлекеттерінің өзара ықпалдасып, ынтымақтасуы әл-Фараби атымен аталған университет үшін де маңызды.

Түркі халықтарының өзара қарым-қатынасы үлкен істер мен нәтижелерге алып келеді. Әбу Насыр әл-Фараби өзі өмір сүрген орта ғасырларда көптеген кітаптар жазып қалдырғаны баршаға мәлім. Осы тұрғыда «Қайырымды қала тұрғындарына» арналған арнайы трактаттары бар. Сол кітапта қоғамның қалай ізгіленуі мен қайырымды болуына қатысты айтылған ой-толғамдары қазір де өзекті. Осы «Қайырымды қала тұрғындары» атты трактатында әл-Фараби қайырымды қоғам құру үшін оның түп-төркінін бақытты қоғам құрумен байланыстырады. Бірақ бұл бақыт бір ойлағандай емес, ол екі дүниенің жақсылықтарына алып баратын құндылықтарына негізделген. Ғалымның бақытқа жету туралы тұжырымдамасы трактатта жан-жақты талқыға түседі. Сондай-ақ ол: «Қала тұрғындарының өзара ынтымақтасып, бір-біріне көмектесу арқылы ғана бейбітшілікке қол жеткізе алады», – деген ойын айта отырып, сая-



